

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРҒ

Анарбекова Гулжан Азизбековна

Ғылыми жетекші: Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің
оқытушысы.

guljananarbekova@mail.ru

Сайфудинова Насиба Сейдрахымқызы

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қазақ тілі мен әдебиеті
бағытының 2-курс студенті

АННОТАЦИЯ

Мақалада тұрақты тіркестер және олардың жасалу жолдары толығымен қамтып алынған. Сонымен қатар, олардың қолдану аясы көрсетілген. Фразеологизмдерге мағыналық жағынан ерекше көңіл бөлінген.

Кілт сөздер: тұрақты, тығыз, қанатты, ұйықты, бағыт, тіркес, мағына, халық, дана, көркем.

ABSTRACT

The article covers regular expressions and ways of making them. In addition, the scope of their application is indicated. Phraseologisms are given special attention in terms of meaning.

Keywords: stable, dense, winged, sleepy, direction, phrase, meaning, people, wise, artistic.

Кіріспе. Қазақ тілі әдеби, көркем жан-жақты түсінікті тіл болып, оның сөздік құрамын фразеологизмдер яғни тұрақты тіркестер толықтырып отырады. Тұрақты тіркестер сөз байлығымызды көбейтіп қана қоймай, қазақ халқы ежелден дана болғандығын, тіпті, айтпақшы болған ойын астарлап, тұспалдап жеткізіп отырғандығының айқын дәлелі бола алады. Фразеологизмдерді күнделікті тұрмыста пайдалану арқылы адамдар іс-әрекетін баяндап отырған.

Негізі бөлім. Қазақ тілінің лексика бөлімінде өтілетін фразеология саласы ішінара бірнеше түрге бөлініп кетеді. Ендеше, оның түрлерін назарларыңызға ұсынсақ.

- 1) Фразеологиялық тұтастық.
- 2) Фразеологиялық бірлік.

3) Фразеологиялық тіркес.

4) Фразеологиялық сөйлемше.

Олардың әрқайсысына жеке тоқталамыз: фразеологиялық тұтастық дегеніміз құрамындағы сөздер бір-біріне тығыз байланысты және жеке сөз ретінде мағынасы болмаған сөздерді айтамыз. Мысалы: сағы сыну, жолы болмау т.б.

Екінші түріне келер болсақ, ол еркін сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолданылуынан жасалады. Мысалы: тамырына балта шапты деген тіркесті алар болсақ, ол көзін жойды деген мағынада қолданылады. Ал, оның өзін ағаштың тамырына балта шапты деп,- еркін тіркес ретінде де қарастырсақ болады.

Фразеологизмнің тағы бір түрі бұл фразеологиялық тіркес деп аталады. Оның құрамындағы екінші бір сыңары лексикалық мағынаға ие болады. Яғни, тіркес қалпында екеуінде де мағына болады. Мысалы: көзі жетті, тілін тістеді.

Фразеологизмдердің ең соңғы түрі бұл фразеологиялық сөйлемше деп аталады. Сөйлемде тіркестер сөйлем түрінде кездеседі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді жатқызсақ болады. Оған мысал ретінде "аузы күйген үрлеп ішер",-деген сөзді алсақ болады. Ол тура мағынада қолданылмайды. Кез келген жерде бір рет қателескен адам келесіде ойланып іс жүргізеді,- деген мағынаны білдіреді.

Фразеологизмдер бірде қарсы мәнде қолданса, бірде мағына жағынан бір-біріне жақын келеді. "Көзді ашып жұмғанша", "қас пен көздің арасы", (тез, шапшаң, лезде) арасынан қыл өтпеу (өте тату) деген фразеологизмдер мәндес түрде келуіне мысал болады. Сонымен қатар, кірпік қақпады (ұйықтамады) мызғып алды, көз шырымын алды (ұйықтамады) ит пен мысықтай (өш) деп қарсы бағытта келуі де мүмкін.

Тұрақты сөздердің пайда болуына тірек болатын ұйытқы сөздер де бар. Оларға:

Дене мүшелері атаулары: бас, аяқ, қол, көз, қас, бет, мұрын т.б;

Туыстық атаулар: ата, ана, бала, қыз, ұл т.б;

Төрт түлік атаулары: атан, түйе, жылқы, қой, сиыр т.б;

Жан-жануар атаулары: ит, қасқыр, түлкі, мысық т.б;

Сапалық ұғымдағы атаулар: қызыл, ақ, қара, ауыр, жеңіл т.б;

Сандық ұғымдағы атаулар: бір үш, жеті, тоғыз қырық, жүз т.б. кіреді.

Айтар болсақ, тұрақты тіркестер сөз таптарынан да жасалуы мүмкін. Мысалы: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, тіпті, одағайдың да қатысуы арқылы жасалады.

Ендеше олардың мағыналарын бірге білейік: Тұрақты тіркестер деп аталуының тағы бір себебі: оның құрамындағы сөздерді басқа бір тілге немесе

басқа бір сөзге ауыстыруға келмейді. Тайға таңба басқандай деген тіркесті, атқа немесе жылқыға таңба басқандай деп ауыстыра алмаймыз. Құрамында екі не үш сөзден құралып бір ғана тиянақты ойды білдіреді.

Кей жағдайда сөйлем арасында келген кезде тұрақты тіркестердің мағынасын түсінбей жатамыз. Сондықтан, халық арасында қолдана бермейтін, көбінесе шығармалар мен хикаяларда кездесетін тіркестерге біршама тоқталып өтсек:

Айды аспанға шығарды – аты шықты, таң қалдырды

Айдың күні аманда – аман-есенде, тыныштықта

Ақыл(ой) таразысына салды – ойланды

Ақысын жеу – еңбегінің ақысын бермеу

Ала ауыз (алты бақан) – бірлігі жоқ

Алқам-салқамы шықты – тозығы жетті

Алқымынан алды – қинады

Ат ізін суытпау – жиі келіп тұру

Атарға оғы жоқ – ашуланған адам

Ат-тонын ала қашу – басын алып қашу, жауапкершіліктен бас тарту.

ағынан жарылу - ештеңе жасырмады,

ажал оғы атылды - өлді, мерт болды,

ас қайырды - бата берді, ақ ауыз қылды - алдап кетті, ақ саусақ - жалқау, ал-дал болды - әуре - сарсаң болды, алқымынан алды -қинады, еңсесі құру - сағыну, бүйректен сирақ шығару - болмашы нәрседен шатақ шығару, далаға кетті - босқа кетті, дәм-тұзы жараспады - тату-тәтті бола алмады, жалғанды жалпағынан басу - молшылықта өмір сүру, жағы сөнбеәйді - көп сөйлеу, жылан жалағандай - тап таза, түк қалдырмай,

жүн терісін сыпыру - өлі етіп сабау, жібі түзу - дұрыс адам, жілігі шағылу - беті қайту. тағы басқа осы сияқты түрлері өте көп кездеседі

Қорытынды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер және түрлі даналық сөздер білген адамның сөз саптауы жақсы болады. Тұрақты тіркестер сөзіміздің ғана емес, тіліміздің де сәні. Кез келген ортада өз ойыңды ашық, айқын, еркін, толық жеткізіп беруге септігін тигізеді. Айтпақшы болған ойыңды екінші бір жолмен жеткізуге көмектеседі. Әр сөзді орнында қолдана білудің өзі шеберліктің бір түрі саналмақ. Демек, тұрақты тіркестер шешендер не ғана емес үлкен кіші барлығына бірдей керек. Қарапайым халықтың соның ішінде жай ғана егін еккен дикан да, базардағы саудагер де, нан жабатын наубайшы да, осы тіркестерді күнделікті өмірде пайдаланбай іс жүргізбейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

- 1) І. Кеңесбаев. «Қазақ тіл білімінің мәселелері»
- 2) Академиялық жинақ. «Қазіргі қазақ тілі» (Оқу құралы). Алматы, 2005. «Print-s» баспаханасы
- 3) Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998 - 304 б.
- 4) Кеңесбаев І.К. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің ерекшелігі. I, II бөлім 1975.-711 б.
- 5) Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы: 1972.- Б.
- 6) І. Кеңесбаев. «Фразеологиялық сөздік» Алматы, 2007. «Арыс» баспасы.